

A quill pen with a feather is positioned diagonally across the page. The feather is on the left, and the quill tip is on the right. A shadow of the quill is cast onto the background below it. The background is a light yellow color.

СӘЛИМА  
ҚАЛҚАБАЕВА

**КӨРКЕМ  
ШЫҒАРМА  
ПОЭТИКАСЫ**

Сәліма Қалқабәева

# КӨРКЕМ ШЫҒАРМА ПОЭТИКАСЫ

*Монография*

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2019

ӘОЖ  
КБЖ  
К

*Баспаға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
Ғылыми Кеңесі (№12 хаттама, 26.08.2019) және Редакциялық-баспа  
кеңесінің (№1 хаттама, 26.08.2019) шешімімен ұсынылған*

**Пікір жазғандар:**

филология ғылымдарының докторы, профессор **А. Төсірболат**  
филология ғылымдарының докторы, профессор **Г. Орда**

**Қалқабаева С.**

К **Көркем шығарма поэтикасы: монография /**  
**С.Ә. Қалқабаева. – Алматы: Қазақ университеті,**  
**2019. – 234 б.**

ISBN 978-601-04-4367-9

Қазақ әдебиетіндегі поэтикалық ізденістерді, көркемдік жүйені саралауға бағытталған бұл еңбекте туындыгер – көркем шығарма – стиль байланысы жайына арналған зерттеулер орын алады. Автор көркем шығарма құрылымдарын жасауда шығармашылық тұлға болмысының маңыздылығына ден қояды. Қазақ талымдарының әдебиет поэтикасы саласындағы жаңаша зерделеулері қарастырылады. Көркем шығарма поэтикасын айқындауға үлгі боларлық зерттеулер орын алған бұл еңбек әдебиетті зерттеу мен оқыту салаларында аса маңызды.

ӘОЖ  
КБЖ

© Қалқабаева С.Ә., 2019  
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2019

ISBN 978-601-04-4367-9

**КІРІСПЕ. (ПОЭТИКА ЖӘНЕ**

*Бірінші бөлім. ТУЫНДЫ*  
Әзілхан Нұршайықов про-  
Туындыгер мұраты және  
«Махаббат, қызық мол ж-  
«Ақиқат пен аңыз» роман  
Майдан жазбалары және  
Әзілхан Нұршайықовтың  
Әдебиеттегі адамгершілік

*Екінші бөлім. КӨРКЕМ Т*  
**ТҮЛҒА**

Зейнолла Қабдоловтың ғы-  
Қадыр Мырза Әли поэзия-  
«Тоғыз толғау» повесть-м-  
Батырдың шығармашылы-  
Мұхтар Әуезовтің «Абай»  
шығармашылық тұлғалар.  
Шығармашылық тұлғалар  
Қазақ поэзиясындағы дәстү-  
Майлықожа өлең-толғаула

Ушынш бөлім. <b>ПОЭТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР</b> .....	175
Поэтика саласын зерделеген ғалым .....	175
Ғылым тарихындағы көкейлегі .....	180
Болашағы турмерикологиялық тұрғыдан тану .....	185
Т. Қоқшайтін адебиет тарихы хақындағы зерттеулері .....	191
«Қазақ адебиетінің бір бұтағы» .....	195
Халықаралық ғұмыралас рухани мұраны зерделеген ғалым .....	201
Жаңартылу жайындағы жаңа сөйбек .....	205
Әдебиет пен топонимика байланысын зерттеген ғалым .....	210
Таланай ұстаз, Әлімбай ғалым .....	217
Қоңдылме ауыз қалдырған асыл бейне .....	221
Қос тұтаным күрмесі .....	227
К. Абдырбекованың «Әдеге күрмесі». «Анаға тағзым» кітаптары туралы үзік ой .....	230
<b>ҚОРҒАТЫНДЫ</b> .....	232

## КІРІСПЕ

### (ПОЭТИКА ЖАЙЫНДА ТҮСІНІК)

**Поэтика** (грекше *poietik techné* – шығармашылық өнер) – көркем шығармадағы күшшылдықты бар болмысымен айырмалар жүйе туралы әдебиеттанудың ең қона ғылым саласы.

Әдебиет поэтикасы өзінің шығу тегі жағынан сонау ежелгі замандарға жетеді. Ертеде «поэтика» термині сөз өнері туралы ғлам деген ұғымды білдіреді. Ең алғаш рет ол өзінің теориялық негізін Аристотельдің «Поэтика» еңбегінен алған. Ежелгі грек философияның түсінігінде поэтика – поэтикалық өнер жайлы, оның жеке-кейлен туралары жайлы, көркем шығарма жазғы болуы үшін фибула қалай құрылуы керектігі жайлы, қанша бөліктен тұруы керектігі жайлы ғылым». Осыған сай поэтика әмбебап сипатқа ие болды. Аристотель мен Платонның эстетикасынан бастау алған антикалық поэтика поэзиялық шығармаларда талдау бағытында дамыды.

Поэтиканың нақтылы қалыптасқан кезеңі – классицизм. Оны Горацийдың «Поэзия ғылымы» ұрағымен жазған Н. Буалоның «Поэтикалық өнер» (1674) атты еңбегінен көреміз. XIX ғ. дейін поэзиялық жанрды зерттеу поэтиканың негізгі объектісі болып келсе, атарушы ғалымдар Г.С. Лессинг, Д. Дидро классицизм мен күрес арқылы поэтикадағы ескі догматикалық ғылымға соққы берді. Дж. Вико мен И.Г. Герден – әдебиет, фольклор және тілдің даму заңдылықтарының бірлігі, даму эволюциясы, тарихи

қатар, осы екі көркемдік ағынның жалпы даму бағытында ортақ үлкен заңдылықтар бар. Ол ағашша әдебиет дәстүрлерінің бірте-бірте жазбаша дәстүрге ауысу, ұласу тенденциясы”.

Тарихи поэтика — олі қалыптасу процесіндегі жас ғылым салаларының бірі. Оның ғылыми негіздерін осыдан екі ғасыр бұрын Ресей ғалымы А.Н. Веселовский салған. Алыс және шетел ғалымдарының да тарихи поэтика проблемаларына арналған әртүрлі деңгейдегі зерттеулері бар.

Демек, әдеби поэтика — маңызды ғылыми пән. Оның мақсаты көркем шығарма құрылысын, оның жазылу тәсілдері мен қолдану принциптерін қарастыру болып табылады.

### ӘЗІЛХАН НҮРШАЙЫКОВ ПРОЗАСЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ

Әміре әдеби шығармаға негіз болатын тақырыптар сан алуан. Көркем туындыға нешедей тақырыпты арқау ету, оны қандай әдіс-тәсілмен оқырманға жеткізу жазушының еркіне, таланты мен дүниетанымына байланысты. Науқандық тақырыпқа арналған кейбір шығармалар белгілі бір мезгіл аралығында ғана өзекті болып, кейін уақыт көшіне ідесе алмай мәңгілігінен айрылып жатады. Ал шынайы шебердің қаламынан туған, жалпы адамзатқа тән асыл қасиеттерді тудырып көтерген жекелеген туындылар заман озып, ұрпақ алмасқан сайын жаңа қырынан ашылып, адам баласын соны мұрағаттарға жетелей түседі, рухани азықтың сарқылмас сұлтанына айналады.

Соңдай өміршең шығармаларды дүниеге әкелген қаламы көршімді жазушыларымыздан бірі — Әзілхан Нұршайықов. Қалақтың көрнекті қаламгері, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықов Қазақстан облысының 1922 жылы 15 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысының Жарма аулында, Қелінсүйегі деген жерде дүниеге келген.

1941-1945 ж.ж. Қызыл армия қатарында қызмет етті. Майданда жүргенде де қолына қаруы мен қаламын қатар ұстап жүрді. Өзінің жауынгер жолдастарының майдандағы ерліктерін мадақтап, үнемі олеңдер, очерк, мақалалар жазып жүрді. Олар майдан газеттерінің, республикалық газет беттерінде жарияланып тұрды. Ұлы Отан соғысы жылдарында қан майданда қаруымен де, қаламымен де күрескен Әзілхан Нұршайықов ерен еңбектері үшін ІІ дәрежелі Даңқ, «Құрмет Белгісі», Халықтар достығы және ІІ дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, «Жауынгер-

## «МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР» РОМАНЫНДАҒЫ ОБРАЗДАР ЖҮЙЕСІ

**А**дамзат қоғамынд, әр кездегі әлеуметтік ауан мен ой-санаынд, эстетика мен этикалық нормалардың даму дәрежесін білгіміз келсе көркем әдебиетке жүгінеріміз хақ. Өйткені онда дәуірдің тыныс-тіршілігі, өмір өзгерістері бейнеленіп, адамның жан дүниесінің сыры шертіледі. Тазаңтты суреткер ешқашанда адам мен заманда бөле-жара қарамайды. Оның мәнісі қоғам мен адам біріне-бірі тығыз байланысты ұғым. Қоғам адамдардан, оның тыныс-тіршілігінен тұрса, адам да қоғамсыз өмір сүре алмайтыны аян. Демек көркем шығармада образ — орта — уықат бірлігі бөлінбестен тұтастықта алынып шынайы қалпында суреттелеуі тиіс. Академик З. Кабдоловтың «Замандас туғасы!». Өз дәуірінің үні болып табылатын жазушы атаулының ең абзал, ең асыл мұрасы — осы» [1, 7]. — деп айтуы тегін емес. Әдебиеттің басты мақсаты да, күлді бағдарламасы да өз заманы мен оған сай замандастарының рухани болмысын, көркем образын суреттеу.

Осындай мұрат жолында ізденіс танытып, замандас бейнесін жасау арқылы дәуір сырын аша білген қаламгерлер әдебиетімізде беріштык. Әсіресе белгілі кезеңің өзекті тақырыбын қамтып, замандастың адамгершілік әлемін көрсетуіне романист жазушылардың атқарған ролі зор. Қазақ романында алғашқы қарлығаштары М. Дулатовтың «Бақытсыз Жаман», С. Көбеевтің «Қалың мал», С. Торайғыровтың «Қамар сүйік романдарындағы төңкеріс алдындағы ескі саат-дәстүрге қарсылық, бақыт пен шынайы махаббат үшін күрескен жастардың бейнесін жасау дәстүрі Кеңес өкіметі жылдарында да қызу жалғасын тапты. Мысалы, Қазан дүрбелені тұсындағы кедей өмірін, адамзаттық арпалыстарды суреттейтін С. Сейфуллиннің «Тар жол тайпақ мешу», Ж. Аймауытовтың «Қартқожа», «Ақбас», С. Мүқановтың «Ботақоз» романдары, 30-жылдардағы өмір өзгерісі мен жаңа типті адамның рухани жанаруын сөз еткен М. Дәулетбаевтың «Қазылжар», І. Жансүгіровтің «Жолдас», Б. Майлиннің «Азамат Азаматтың», Ғ. Мұстафиннің «Өмір

өмір». С. Ерубәевтың «Менің құрдастарым», Ғ. Слановтың «Дөң және» романдары бұған дәлел.

Осы заман тақырыбына бару, замана ерлерінің бейнесін жазу қазақ романында әлеуметтік ролін арттырып, әдебиеттің өрісі мен тақырыптық аясын кеңейтті. Алдығы дәстүрмен үлгі ала отырып, кейінгі жылдары бүгінгі күн тақырыбын жан дүниесіне, моральдық, этикалық кадр-қасиетіне тереңірек тереңі болды. 60-жылдардың басында М. Әуезов «Өскен өртен» романында биік интеллект адамның бейнесін Ныл Карпов арқылы жасап, тамаша үлгі туырды. Ұлы суреткердің романы жарық көрген З. Шашкиннің «Теміртау», Т. Әлімқұловтың «Ақ боз ат», З. Кабдоловтың «Жалын», С. Шәймерденовтің «Жауынгер» атты романдарында парасатты замандас бейнесін жазды.

Өз заманындағы кәзіргі дәуір адамның образын оның ішінде мектеп жастарының моральдық, этикалық бейнесін көрсету дәстүрі сөз еткенде С. Ерубәев, Б. Бұлқашов, М. Иман-құлы, С. Мұқанов өндері-ақ үлкен мектеп болуға тиіс. Себебі романист «Менің құрдастарым» романы, Б. Бұлқашовтың «Бұл күрім келеді», «Шығыс ұялына хат» атты публицистикалық әңгімелері, М. Иманжановтың «Қыз сиры», «Жастық», «Жаңа өмір», рухани ұқтылысын әсерлі де ұтымды суреттеуіне қатынасты.

Өз заманындағы бейнесін жазушылардың қайнаған ортасындағы өзіндік адамгершілік қасиеттерін, қоғамдық ой-сананы білдіретін С. Шүкүров, М. Мағауин, Ә. Таразы, А. Байтұрсынұлы, А. Досжанов, Ж. Жұмаханов, Р. Токтаров, О. Бөкеевтің «Ақ сағат», М. Сүлейменовтың «Ақ сағат», «Ақ сағат», «Ақ сағат» романдарында басты назар мораль тақырыбына, рухани байлығына аударылған.

«Ақ сағат» романындағы жас замандас образын жасау дәстүрін қайта қарап, қазіргі қазақ прозасындағы жас замандас образын жазушы Б. Майлиннің «Азамат Азаматтың» романындағы жас замандас образын жазушының сөзі ете келе,

## «МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР» РОМАНЫНДАҒЫ ОБРАЗДАР ЖҮЙЕСІ

Адамзат қоғамында, әр кездегі әлеуметтік ауан мен ой-санаың, эстетика мен этикалық нормалардың даму дәрежесін білгіміз келсе көркем әдебиетке жүгінеріміз хақ. Өйткені онда дәуірдің тыныс-тіршілігі, өмір өзгерістері бейнеленіп, адамның жан дүниесінің сыры шертіледі. Тазаңғты суреткер ешқашанда адам мен заманда бөле-жара қарамайды. Оның мәнісі қоғам мен адам біріне-бірі тығыз байланысты ұғым. Қоғам адамдардан, оның тыныс-тіршілігінен тұрса, адам да қоғамсыз өмір сүре алмайтыны аян. Демек көркем шығармада образ — орта — уықат бірлігі бөлінбестен тұтастықта алынып шынайы қалпында суреттелеуі тиіс. Академик З. Кабдоловтың «Замандас туғасы!». Өз дәуірінің үні болып табылатын жазушы атаулының ең абзал, ең асыл мұрасы — осы» [1, 7]. — деп айтуы тегін емес. Әдебиеттің басты мақсаты да, күлді бағдарламасы да өз заманы мен оған сай замандастарының рухани болмысын, көркем образын суреттеу.

Осындай мұрат жолында ізденіс танытып, замандас бейнесін жасау арқылы дәуір сырын аша білген қаламгерлер әдебиетімізде беріштык. Әсіресе белгілі кезеңнің өзекті тақырыбын қамтып, замандастың адамгершілік әлемін көрсетуіне романист жазушылардың атқарған ролі зор. Қазақ романының алғашқы қарлығаштары М. Дулатовтың «Бақытсыз Жаман», С. Көбеевтің «Қалың мал», С. Торайғыровтың «Қызыл жұлдыз», романдарындағы төңкеріс алдындағы ескі саат-дәстүрге қарсылық, бақыт пен шынайы махаббат үшін күрескен жастардың бейнесін жасау дәстүрі Кеңес өкіметі жылдарында да қызу жалғасын тапты. Мысалы, Қазан дүрбелені тұсындағы кедей өмірін, адамзаттық арпалыстарды суреттейтін С. Сейфуллиннің «Тар жол», «Тайпақ мөшү», Ж. Аймауытовтың «Қартқожа», «Ақбас», С. Мұқановтың «Ботақоз» романдары, 30-жылдардағы өмір өзгерісі мен жаңа типті адамның рухани жанаруын сөз еткен М. Дәулетбаевтың «Қызылжар», І. Жансүгіровтің «Жолдастар», Б. Майлиннің «Азамат Азаматтың», Ғ. Мұстафиннің «Өмір

өмір». С. Ерубәевтың «Менің құрдастарым», Ғ. Слановтың «Дөң және» романдары бұған дәлел.

Осы заман тақырыбына бару, замана ерлерінің бейнесін жазу қазақ романының әлеуметтік ролін арттырып, әдебиеттің өрісі мен тақырыптық аясын кеңейтті. Алдығы дәстүрмен үлгі ала отырып, кейінгі жылдары бүгінгі күн тақырыбын жан дүниесіне, моральдық, этикалық қадір-қасиетіне тереңірек тереңі болды. 60-жылдардың басында М. Әуезов «Өскен өртен» романында биік интеллект адамның бейнесін Ныл Карпов арқылы жасап, тамаша үлгі туырды. Ұлы суреткердің романы жарық көрген З. Шашкиннің «Теміртау», Т. Әлімқұловтың «Ақ боз ат», З. Кабдоловтың «Жалын», С. Шәймерденовтің «Жол» атты романдарында парасатты замандас бейнесін жазды.

Өз заманындағы кәсіргі дәуір адамның образын оның ішінде мектеп жастарының моральдық, этикалық бейнесін көрсету дәстүрі сөз еткенде С. Ерубәев, Б. Бұлқашов, М. Имановтың романдары өдери-ақ үлкен мектеп болуға тиіс. Себебі романист «Менің құрдастарым» романы, Б. Бұлқашовтың «Бір күн күлді», «Шығыс ұялына хат» атты публицистикалық еңбегі, М. Имановтың «Қыз сиры», «Жастық», «Жаңа өмір», рухани ұқтылысын әсерлі де ұтымды суреттеуіне мән берген.

Өз заманының бейнесін жазушылардың қайнаған ортасындағы өмірі, оның адамгершілік қасиеттерін, қоғамдық ой-сананы көрсетуіне зор мән берген. Ш. Мұртаза, С. Жүнісов, М. Мағамбетов, А. Досжанов, Ж. Жұмаханов, Р. Токтаров, О. Бөкеевтің романдары, М. Сүлейменовтың «Қызылжар», «Ақбас», «Жолдастар» романдарында басты назар мораль тақырыбына, рухани байлығына аударылған.

«Менің құрдастарым» романындағы жас замандас образын жасау дәстүрін қайта қарауға, оның рухани жағын дамытуға зор мән берген Б. Майлиннің «Азамат Азаматтың» романындағы жас замандас образын жасау дәстүрін сөз ете келе,

- жолдосын.
9. Сәуірбеков Б. «Жастықтың өлі – жайсаң жыр». Күрескер тургасы. – Алматы: Жазушы, 1979.
10. Дәлібаев Ж. «Алғаш пен аңыз арасы». Шығырланг болға жайылған. – Алматы: Жазушы, 1988.
11. Қалқабиева С. «Алғашты – аңыз, аңыз – алапат». Ой тармағы. – Алматы: Жазушы, 1994.
12. Қалқабиева С. «Шығырланг өмір жырлары» // «Қазақ әдебиеті», 1992, 4 желтоқсан.
13. Қалқабиева С. Әзілхан Нұршайықов прозалық шығармаларындағы адамгершілік идеялері: монография. – Алматы: «Қазақтүр»», 2004. – 168 б.
14. Қалқабиева С.Ә. Әзілхан Нұршайықов прозалық шығармаларындағы адамгершілік идеялері: филол. ғылым. канд. дис. авторефераты. – Алматы, 1995.
15. Нұршайықов А. «Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық молдылар» романының шығармашылық тарапы». Филол. ғылым. канд. дис. авторефераты. – Алматы, 1997.
16. Досқесем Ш. Ә. Нұршайықов шығармаларындағы заманасыз бейнелер: филол. ғылым. канд. дис. авторефераты. – Астана, 2009.
17. Қалқабиева С.Ә. Әзілхан Нұршайықов шығармаларындағы адамгершілік идеялері: филол. ғылым. канд. дис. авторефераты. – Алматы, 2010.
18. Төстемішев М. Әзілхан Нұршайықов шығармаларындағы деректік өмір және көркемдік сипат: филол. ғылым. канд. дис. авторефераты. – Астана, 2010.
19. Әбілғайыпов М. Естеліктер мен эсселер. – Астана: Фолиант, 2012.

## ТУЫНДЫҒЕР МҰРАТЫ ЖӨНЕ ЖАНРЛЫҚ-СТИЛДІК ДАРАЛЫҚ

С ол өнерін мұрат тұтқан әрбір қаламгердің көңіл тұқырында әдебиетте өмір қалтарысындағы елеңдей жатқан жағдайды қозғап, тың ой, жаңа идеяне танытып із тастаса деген ізгі ниет жатары сөзсіз. Алайда әдебиетте өзінің қолтаңба қалығу бақытына қалам тербеп, шығарма жазап жазушының бәрі бірдей не бола бермейді. Өйткені қаламгердің өлең бестігі айқалдайтын нәрсе – жазушының дара стилі. Ал оның орнығуы жазушының шығармашылық дарынымен қатына, шыңдалған суреткерлік шеберлігіне байланысты. Сонымен бірге олар әдебиет зерттеушісі, ғалым Қ. Жұмалиев [1, 23] стилдік табиғи дарынымен тікелей сабақтастырып, оны тек шын талант, ұлы жазушылар туындыларынан ғана іздегенді айтса да болады. Жазушының өзінің стилінің орнығуы оның дүниетанымына, идеялық мақсатына, авторлық позициясы мен интеллектісіне, өмірлік тәжірибесі мен дара қолтаңбасына да байланысты. Осы жолдағы шығармашылық идеясі оның тақырып таңдау, сюжет құру, жанрын анықтау, образ бен характер жасау мәселесінен, тіл ерекшеліктерінен де көрініс алады. Оны аңғару үшін жазушының бүкіл шығармасын барлап қараған жөн. Жазушының стилі бір шығармасын оқи сала танығым деу үстіндігі. Өйткені ол академик-жазушы З. Қабдолов айтқандай, «эволюция үстіндегі, диалектикалық даму үстіндегі нәрсе» [2, 332]. Әрі оған әдеби процесстің алғы дәстүр мен озық тәжірибесінің ықпалы болатындығын да ұмытпаған абзал.

Бірінен бұрын әдебиетке жаңа стильдің келуі тарихқа, өмірге деген көзқарастың жаңашылануына, ойлаудың жаңаруына тікелей байланысты. Осы жай әдебиет зерттеушісі З. Бисенғалиевтің мына пікірінде: «Әрбір көркемдік әдебиет түр, пішіні, бейнелеу тәсілдері өмірдің өзінде туындап, соған себепті қоғамдық сананың белгілі даму дәрежесіне сай келеді. Тіпті қоғамдық экономикалық жағдайлар материалдық табыстары өнер туындылары үшін жаңа мүмкіндіктер, қажетті жағдайлар да жасайды» [3, 42]. – деп



- жолдосын.
9. Сәуірбеков Б. «Жастықтың өлі – жайсаң жыр». Күрескер тургасы. – Алматы: Жазушы, 1979.
10. Дәлібаев Ж. «Алғаш пен аяқ арасы». Шығырланг болға жайылған. – Алматы: Жазушы, 1988.
11. Қалқабиева С. «Алғашты – аңыз, аңыз – аялапты». Ой таралысы. – Алматы: Жазушы, 1994.
12. Қалқабиева С. «Шығарма өмір жыршысы» // «Қазақ әдебиеті», 1992, 4 желілікпен.
13. Қалқабиева С. Әзілхан Нұршайықов прозалық шығармаларындағы адамгершілік идеялері: монография. – Алматы: «Қазақтүркі», 2004. – 168 б.
14. Қалқабиева С.Ә. Әзілхан Нұршайықов прозалық шығармаларындағы адамгершілік идеялері: филол. ғылым. канд. дис. авторефераты. – Алматы, 1995.
15. Нұрғалиев К. «Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол махаббат» романының шығармашылық тарапы». Филол. ғылым. канд. дис. авторефераты. – Алматы, 1997.
16. Досқесем Ш. Ә. Нұршайықов шығармаларындағы заманасыз бейнелер: филол. ғылым. канд. дис. авторефераты. – Астана, 2009.
17. Қеңжетарина А. Әзілхан Нұршайықов шығармаларындағы тағым-тәртіп идеялері: филол. ғылым. канд. дис. авторефераты. – Алматы, 2010.
18. Төстегілізин М. Әзілхан Нұршайықов шығармаларындағы деректік өмірлік және көркемдік сипат: филол. ғылым. канд. дис. авторефераты. – Астана, 2010.
19. Әбілғайыпұлы Есеткерім мен әкесілер. – Астана: Фолиант, 2012.

## ТУЫНДЫҒЕР МҰРАТЫ ЖӨНЕ ЖАНРЛЫҚ-СТИЛДІК ДАРАЛЫҚ

С ол өнерін мұрат тұтқан әрбір қаламгердің көңіл тұқырында әдебиетте өмір қалтарысындағы елеңдей жатқан жағдайды қозғап, тың ой, жаңа идеяне танытып із тастаса деген ізгі ниет жатары сөзсіз. Алайда әдебиетте өзіндік қолтаңба қалығу бақытына қалам тербеп, шығарма жағдай жазушының бәрі бірдей не бола бермейді. Өйткені қаламгердің өлең бестігі айқындалатын нәрсе – жазушының дара стилі. Ал оның орнығуы жазушының шығармашылық дарынымен қуатына, шыңдалған суреткерлік шеберлігіне байланысты. Сонымен бірге олар әдебиет зерттеушісі, ғалым Қ. Жұмалиев [1, 23] стилдік табиғи дарынымен тікелей сабақтастырып, оны тек шын талант, ұлы жазушылар туындыларынан ғана іздегенді айтса да болады. Жазушының өзіндік стилінің орнығуы оның дүниетанымына, идеялық мақсатына, авторлық позициясы мен интеллектісіне, өмірлік тәжірибесі мен дара қолтаңбасына да байланысты. Осы жолдағы шығармашылық идеясі оның тақырып таңдау, сюжет құру, жанрын анықтау, образ бен характер жасау мәстерінен, тіл ерекшеліктерінен де көрініс алады. Оны аяғару үшін жазушының бұқпа шығармасын барлап қараған жөн. Жазушының стилін бір шығармасын оқи сала танығым деу үстірттік. Өйткені ол академик-жазушы З. Қабдолов айтқандай, «эволюция үстіндегі, диалектикалық даму үстіндегі нәрсе» [2, 332]. Әрі оған әдеби процесстің алғы дәстүр мен озық тәжірибесінің ықпалы болатындығын да ұмытпаған абзал.

Бірінен бұрын әдебиетке жаңа стильдің келуі тарихқа, өмірге деген көзқарастың жаңашылануына, ойлаудың жаңаруына тікелей байланысты. Осы жай әдебиет зерттеушісі З. Бисенғалиевтің мына пікірінде: «Әрбір көркемдік әдебиет түр, пішіні, бейнелеу тәсілдері өмірдің өзінде туындап, соған себепті қоғамдық сананың белгілі даму дәрежесіне сай келеді. Тіпті қоғамдық экономикалық жағдайлар материалдық табыстары өнер туындылары үшін жаңа мүмкіндіктер, қажетті жағдайлар да жасайды» [3, 42]. – деп











2. Петрунов Н. В спорих о прозеисом. — М.: Сов. писатель, 1977. — 340 с.
3. Қазық әдебиетінің тарихы. Т. 3. 2-кітап / Жалпы ред. басқ. профессор М. Қаратаев. — Алматы: Ғылым, 1967. — 663 бет.
4. Нұрсұлтанов Ә. Талқандағы Екі тоқсан. — Алматы: Жазушы, 1980. — Т. 1. Рухани мен повесть. — 520 б. — Б. 426.
5. Бердібаев Р. Қазіргі қазақ прозасындағы заманшас тұлғасы. — Алматы: Қазақстан, 1968. — 85 бет.
6. Нәзіметов А. Қазіргі қазақ повестері және олардың жанрлық түрлері дисс. — Алматы, 1974. — 178 бет.
7. Мұйтқанов Б. Қазақ прозасындағы жас замандағы бейнесі: филол. ғылымд. канд. ғылымд. д-рлік дисс. — Алматы, 1977. — 159 бет.
8. Вергеланд О. Ф. Прозан, әңгімелерінің тарихы. В кн: Руханиер өнері сыздарың. — М.: Сов. писатель, 1954. — 340 с.
9. Алашқалиев С. С. Жетпіс-студентке өсиетіңіңді сөзбебіңіңді өсиетіңіңді. — Алматы: Жазушы, 1991. — 107 с.
10. Әліпбаев С. Параллель құрталық: Әдебиет-сан мақалалар, тараулар. — Алматы: Жазушы, 1985. — 248 бет.
11. Қалқадібалы Т. Шығарма өмір жолыңысы // «Қазақ әдебиеті», 1992. 4-ші нөмір.

## ӘДЕБИЕТТЕГІ АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕСІ

Қоғамдағы моральдық атмосфераны қалыптастыруда әдебиеттің маңызы аяңдай зор болса, әдебиеттің құрылымдық көтеруде моральдық да орны ерекше. Соңғы заманға дейін адамгершіліктің асақтата жырылау. Адамзаттың өмір сүруі — көркем әдебиеттің аріден келе жатқан басты мұрасы. Бұл мақсат ешқашан да өз маңызын жоймақ емес, қайта күн өтіп, заман өзгерген сайын оның мәні арта түседі. Себебі қай кезде де әдебиеттің негізгі нысаны — адам, оның ішкі дүниесі. Шығарманың әрбір әдебиет үшін, егер ол — әдебиет, бұл қамтану болса, онда адамгершілік ізденістердің болуы қажетті [1, 319]. Оңсыз көркем шығарманың тәрбиелік мәні, қоғамдық мұраты ақсайды. Әдебиет қай кезеңде де жақсы-жаман ірі істерді, адам бойындағы адамгершілік қасиеттерді (Ерғазы Қоспаев көп тартқан ауыз әдебиетінен бастап бүгінге дейін) әдебиеттің қызметін таразылап қарасақ, ең әуелі адамның ішкі дүниесі, ірі мұраттарын, жақсылық үшін ауылымызбен бірге адамгершілік сезімдерін көрсетуге деген ұмтылысына назар аударуымыз керек. Мәселен, табиғаттың қара күшімен алысқан адамгершілік суреттейтін ертегілер, туған жерін сырт жаудан қорғау үшін найзамен Алғамыс, Қобланды, Ер Тарғын сынды қазақтардың ерліктерін жырлайтын эпостық жырлар, адамгершілік мұратын білдіретін сепкен Бұрар жырау, Төлеби, Қалың бұлалық би, Махамбеттей бабаларымыздың жазылдығы мен өсиеттік сөздері, нақыл өсиеттері жоғарыда айтырылған дәлелсіз емесіңіз айтқанда керек. Сондай-ақ, ең соңғы заманға дейінгі классикалық әдебиеттерге (Ер Тарғын, Адамгершілік қасиет қонақдық терең мағына берген Шығарма мен Диккенс, Мольтер мен Бальзак, Шығарма мен Шығарма, Салтыков Шығарма мен Достоевский, Толстой, Пушкин мен Айтматовтар өз шығармаларында адамгершілік, жоғары адамгершілік сапаларын әспеттеуге және оларды білдіруге жасап, өз заманындағы моральдық қо-











сер болсақ, Майлықожа нақыштары алуан түрлі тақырыптары қамтығанға күү боламыз. Ақын оқырманнан ізгілік, адамшылық, әдептілік әлеміне бағыттал тұрғандай. Демек, осындай нақылдан сөздердік парқын аударып, өнеге ала білгеніміз дұрыс.

**Әдебиеттер:**

1. Бабакер сөзі. жүз тоқшыс, Т 12: Дин дегендір. – Астана: "Фолант", 2005. – 328 б.
2. Оспанұлы Ә. Қыратың шайырлары. – Алматы: «Қазак университеті», 1991. – 192 бет.
3. Суфияшәліев Х. Қазак әдебиеті. XIV-XIX ғғ. – Алматы: «Мұхит», 1981. – 167 бет.

*Үшінші бөлім*

## ПОЭТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

### ПОЭТИКА САЛАСЫН ЗЕРДЕЛЕГЕН ҒАЛЫМ

(Бақытжан Майтановтың поэтика саласындағы зерттеулері туралы)

**К**азак әдебиетінің ардуан мәселелерін теорикалық, сыни, поэтикалық, ташымдық жағынан зерттеп, сүбелі еңбектер жазаган филология ғылымдарының докторы, профессор Бақытжан Майтановтың әдебиеттану ғылымындағы зерттеулерінің орны бар. Ол – ұлттық әдебиеттануда көркем шығарманы поэтикалық тұрғыдан зерттеудің ақтанымадық үлгісі ретінде кеткен бірден-бір ғалым десек қателеспейміз. Оның зерттеулері замандас бейнесі (1982), «Көркемдік мәңгілік» (1991), «Мұхтар Әуезов – суреткер» (1996), «Мәңгілік романы және психологиялық талдау» (1996), «Мағжан Мұраттың поэтикасы» (2001), «Романның баяндау жүйесі» (2003), «Көркем әдебиеттегі психология» (2004), «Портрет поэтикасы» (2006), «Монумент құрылымы» (2007) және қазіргі казак романындағы эпикалық поэтика (2009), «Пейзаждың көркемдік семантикасы» сияқты зерттеу еңбектерінің басты нысаны – көркем шығарманың артырып тұрған жазушы шеберлігінің поэтикалық психологияның көрнекі, кейіпкер болмы-болмы жолдары, суреттеудің жүйесі, көркем мәтіннің поэтикалық стилистикалық құрамы жағындағы ізденістері зерттеушінің теориялық тереңдігі мен жан-жақтылығын көрсетеді.

Қазак поэтикасы мен Б. Майтанов суреткер талантын



зерттеу еңбектерінен, проблемалық мақалаларынан ұлттық мазмұнын, ұлттық сипаттың терең арнасын табады. Академик Ғарифолла Есімді қазақ оқырманына кең танытқан оның Абай шығармашылығына арналған еңбектері болғандығын, ұлы ақынның қара сөздерінің іші мазмұнын, философиялық астарын, даналық пайымдауларын, өмір сабақтарын бүтінгі құра шашып, тымен сабақтастық талдайтындығын, осынау дүниелерді тыным-танымдық тұрғыдан игерудің жаңаша жолы – герменевтикалық талдау әдісін тапқандығын жіті аңғарамыз. Кім жайлы айттың, не жайлы жазса да негізгі тегікті тауып, дәлелді мысалдармен биік беру, юриспруден мақтудан бойды аулақ ұстау Қ. Әбдәзүлімов қаламына тән қасиет.

Ұстазы академик З. Қабдоловтың «Әдебиет – ардым!» деп айтқан онегесін санаға сінірген Қ. Әбдәзүлі әр жыл, әр күнін әр биейге қызмет етуге арнап келеді. Ұлттық әдебиетіміздің биік және көркемдік идеясы – ұлттық рух, ұлттық назмыс, бозлаңдағанда жас ұрпаққа қалай айтып, қазақ жастарының ұлттық сана-сезімін бітік, жан дүниесінің таза, сланды, ұтжаншыл болуына үлестіріп, сып келе жатқанын да аны. Өз бойындағы әдебиет күшімен тілдері санасына сініріп, оларды да көркем шығарма табиғатын терең зерттей оқуға баулуға, Ғалым-ұстазынан бұл еңбегі де қатты сіз емес. Көптеген ізденушілер Қ. Әбдәзүлімен жеткенімен мен диссертациялық жұмыстар қорғап, тылым дүрсілге жеткен Қ. Әбдәзүлімен осындай ұстаздық еңбегі жоғары бағалаймын. 2008 жылы «ҚР Білім беру ісінің Құрметті қызматкері» атағы иеленді. Бүгінгі күні ҚР Жоғары мектебі ҰҒА академиясының жесіне көтерілген Қансейіт Әбдәзүліне Ғалым мен өмір жолында жаңа жетістіктер тілейміз.

#### Әдебиеттер:

1. Әбдәзүлі Қ. Тапым көксөкеті. – Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 2014. – 270 б.

## БОЛМЫСТЫ ГЕРМЕНЕВТИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ТАҢУ

**Ф**илология ғылымдарының докторы, профессор, Республика ғылым академиясының академигі Жаңғары Дәдебаев – тәуелсіз кезеңдегі қазақ әдебиеттануы мен руханиятының ірі тұлғасы. Ағалық зерттеулерінен ақ әдебиет пен шығармашылық тұлға болмысын таңуға ден қойған Ғалымдық әдебиетшінің дара суреткері Мұхтар Әуезовтің шығармашылық шеберханасы мен жазушылық шеберлігі қарастырылатын «Мәңгі қазақ тарихи прозасының дамуындағы М. Әуезов дәстүрі» (1981), «Әдеби шығарма» (1986), «Қазақ тарихи романы» (1987), «Шамырлан бойға жайылған» (1988), «Мұхтар Әуезов» (1990), «Өмір шыңында және көркемдік шешім» (1991), «М. Әуезов шығармашылығы» (1997) монографиялары зерттеулерін жариялады. Бүгінгі таңда 30-ға жуық шығармалары мен көркемдік шығарма шеберлігі мен әдебиеттануы жөніндегі ұлттық руханиятқа қосқан үлесі көп.

Жаңғары Дәдебаевтың әдебиеттанушылық ізденістерін тереңі қалың келесек, көркем шығарманы талдаудың соны методологиялық ұстанымдарын бағдарға ала отырып, әдебиеттанудың негізгі мәселелерін қарастыруды мақсат еткендігін байқаймыз. Шығармашылық тұлға мен тарих, қаламгер шеберлігі мен көркемдік әлем, тақырып пен идея сияқты теориялық категорияларды көркем шығарма контекстінде пайымдаулары Ғалымның көп көксөкетін көрсетеді.

Ғалым еңбектеріңдегі соңғы ізденістер жеке тұлғаның сөз таңуынан мәнін Ұлыу жайына бағыталады. Сөз өнерінің осы маңызын қарастыруда герменевтикалық талдауларға жүгінеді. Герменевтикалық тұлға арқылы жеке тұлғаның ішкі дүниесіне, философиялық ой-пірамын тыласты қараларына үйдете болатын «Тұлға болмыс ғылым» [1] атты монографиялық зерттеу болып табылады. [1] атты монографиялық зерттеу болып табылады. Герменевтикалық талдауларға жүгінеді. Герменевтикалық тұлға арқылы жеке тұлғаның ішкі дүниесіне, философиялық ой-пірамын тыласты қараларына үйдете болатын «Тұлға болмыс ғылым» [1] атты монографиялық зерттеу болып табылады. Герменевтикалық талдауларға жүгінеді. Герменевтикалық тұлға арқылы жеке тұлғаның ішкі дүниесіне, философиялық ой-пірамын тыласты қараларына үйдете болатын «Тұлға болмыс ғылым» [1] атты монографиялық зерттеу болып табылады.

көркем шығарманы поэтикалық өнердің туындысы, көркем сөздің үлгісі деп танығаны жөн.

Әдебиеттану ғылымының поэтика саласы әдебиеттің құндылықтарын, оған көркемдік дарытатын амал-тәсілдерді зерттейтін ескерер болсақ, көркем шығарманың поэтикалық аспектілері туындыгер стилімен байланыста талдана отырып айқындалуға тиіс. Қазақ әдебиетіндегі поэтикалық ізденістерді, көркемдік жүйені саралауға бағытталған бұл еңбекте туындыгер – көркем шығарма – стиль байланысы тұтастықта алынып қарастырылды. Көркем шығарма құндылықтарын жасауда шығармашылық тұлға болмысының маңыздылығына ден қойылды. Көркем шығарма әлемі мен каламгер шеберлігі, көркем туынды мен туындыгер даралығы, шығармашылық тұлға мәселелері сөз етілді. Ә. Нұршайықов поэтикасын зерделеуге арналған зерттеулердің шығарма поэтикасын, туындыгердің дара қолтаңбасын айқындауда берер бағыт-бағдары көп. Көркем шығарма поэтикасын зерттеудің өзекті мәселелері мен оны айқындаудың әдіс-тәсілдеріне арналған зерттеулерде қазақ ғалымдарының әдебиет поэтикасы саласындағы жанаша зерделеулері қарастырылды. Қазіргі әдебиет поэтикасындағы өзекті мәселелер тек қана қазақ әдебиеті төңірегінде ғана қамтылмай, әлем әдебиеті кеңістігінде қаралып, жалпы әдеби заңдылыққа ортақ ғылыми-теориялық пайымдаулар мен тұжырымдар да ескерілді.

Көркем шығарма әлемін барлап зерттеуге, поэтикасын айқындауға, туындыгер қолданған көркемдік тәсілдер мен амалдардың қыр-сырын талдай алуға, бағалай білуге, ғылыми ізденіске бағыт-бағдар беретін зерттеулер орын алған бұл еңбекті әдебиетті зерттеу мен оқыту салаларында қолдануға болады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Әдебиет туралы ілімнің маңызды саласына айналған поэтиканың негізгі зерттеу объектісі – туындыгер мен көркем туынды әлемі. Әдеби шығарма әлемі дегенде жазушының өмір шырлығын көркем игеру даралығын түсінуіміз керек. Көркемдік шыңдық – өмір шыңдығының жазушы ой-елегінен өткен, шығармашылық ізденіс нәтижесінде қорығылып барып, әдеби шығармадан бөлінбеген, көркем суретке айналған қалпы. Сондықтан да көркем сөзді өнер деп танып, ойдағы образды жеткізудің тәсілі деп қараған абзал.

Қазіргі әдебиеттанушы ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, көркем шығарманың бір-бірімен тығыз байланысты үш аспектісін көреміз: эстетикалық, танымдық және пайымдық. Көркем туындының осындай құндылықтары, барлық эстетикалық байлығы әдеби шығарманың көркемдігі арқылы ғана жасалады. Көркемділік – өнер шығармаларының өзіндік ерекшелігі, эстетикалық сұлулығы, дүниені, болмысты сипаттап сөйлетудегі суретшілік, бейнелілік, өрнектілік. Көркемдік – өнер туындысының сапалық көрсеткіші. Көркемдіктің бастау бұлағы, қайнар көзі – суреткердің өмірдегі әдемілікті көре білуі, шебер бейнелеуі, ой-сөзім, жан-толғанысын әсерлі әрі шебер жеткізерлік қабілеті, қиялға байлығы. А. Байтұрсынұв айтқандай, шығарма көркемділігі үш негізге: аюл, қиял, көңілге байланысты екені тағы да ани.

Көркем өнерде эстетика бірінші кезекте басым қымет атқарады деп қарастыратын классикалық эстетика мен эрурділі елдердің көптеген өнер теоретиктері өнер шығармасының ең басты белгісі – оның эстетикалық құндылық ретінде қабылдануы деп түсіндіреді. Шын мәнінде, сөз өнеріне өмірлік, дүниетанымдық, эстетикалық мұраттарымен қоса, бүкіл шығармашылық мүмкіндігін, поэтикалық дарының сарқа жұмсай жазған каламгер шығармасы әдеби туынды, әдеби-эстетикалық ескерткіш ретінде қымбат. Осы тұрғыдан бағалар болсақ, оң алдымен, зерттеуші

Ғылыми баспа

Сәліма Қалқабасва

## КӨРКЕМ ШЫҒАРМА ПОЭТИКАСЫ

Монография

Редакторы А. Топсанқызы  
Компьютерде беттеген Г. Шолжақына  
Мұрабаи айналына Р. Садыр

ИБ №

Басуға 28.11.2019 жылы қол қойылды. Формат 60x84 1/16.  
Қағазы 14,5 б. т. Тапсырыс № 8321. Тиражы 500 дана.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде  
«Қазақ университеті» баспа үйі.

Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.  
«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.